

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1998 жылғы 25 қарашадағы N 17 қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған қаржы тұрақтылығының өлшемдерін (нормативтерін) есептеудің және қолданудың тәртібі туралы нұсқаулыққа толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы 1999 жылғы 9 көкек N 27. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 маусымдағы № 75 қаулысымен

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.06.01 № 75 қаулысымен.

Бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының рөлін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1998 жылғы 25 қарашадағы N 17 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 12 қаңтарда 663 V980663_ нөмірмен тіркелген Бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған қаржы тұрақтылығының өлшемдерін (нормативтерін) есептеудің және қолданудың тәртібі туралы нұсқаулыққа мынадай толықтырулар енгізілсін:

12-тармағы мынадай мазмұнды екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын: "осы Брокер-дилер мүшесі болып табылатын бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымының өтініші болған кезде Ұлттық комиссияның Директораты бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензияны қолдануды тоқтата тұрмауға және осындай лицензияны қайтарып алмауға құқылы. Осы өтінішті берудің тәртібі бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымының оның басқару органының (Биржалық кеңесінің, қауымдастық кеңесінің/Президиумының) Ұлттық комиссия Директоратымен келісу бойынша бекіткен нормативтік актісімен айқындалу керек (осы бөлік Ұлттық комиссия Директоратының 1999 жылғы 09 көкектегі N 27 қаулысымен енгізілген) .

Бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензияны тоқтата тұрмау және осы Брокер-дилерге қаржы тұрақтылығының өлшемдерін (нормативтерін) осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келтіру жөнінде қосымша мерзім беру туралы өтінішін Ұлттық комиссияның Директораты қанағаттандырған жағдайда, осы Брокер-дилер аталған мерзім аяқталғанға дейін осы Нұсқаулықтың 10-тармағымен белгіленген міндеттерді орындаудан босатылады (осы бөлік Ұлттық комиссия Директоратының 1999 жылғы 09 көкектегі N 27 қаулысымен енгізілген)."

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап күшіне енгізілетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау б а с қ а р м а с ы :

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының, бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары қауымдастықтарының (оларға осы Қаулыны олардың мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып) және бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын және "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының, бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары қауымдастықтарының мүшелері болып табылмайтын ұйымдардың назарына жеткізсін;

2) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға ниет білдірген ұйымдардың назарына жеткізсін;

3) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

Комиссияның мүшелері

Оқығандар:

Умбетова А.М.

Нарбаев Е.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК